

М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті

* Кафедра: Интернатураның терапевттік бейінімен ЖОО кейінгі
білім беру

ИНТЕРННИҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

Тақырыбы: Пульмонологиядағы микробиологиялық зерттеу
әдістері

Орындаған: Изимова Г.Г., Шариева М.А.608 топ

Тексерген: Аралбаева Л.С.

Ақтөбе 2016 жыл

Жоспар:

- * Кіріспе
- * Негізгі бөлім:
 - * А) Микробиологиялық зерттеу әдістерінің маңызы мен қолданылуы
 - * Ә) зерттеудің түрлері мен жүргізу тактикасы
- * Қорытынды
- * Пайдаланылған әдебиеттер

Пульмонологиядағы зерттеу әдістері



Кіріспе

- * Пульмонологиядағы науқастарды микробиологиялық зерттеудің негізгі мақсаты-жедел және созылмалы аурулардың өршуі кезінде этиологиясын табу, этиологиялық емін анықтау және эффективтілігін бақылау болып табылады. Микробиологиялық зерттеулер инфекциялық аурулардың қоздырғыштарының ағзада бар немесе жоқ екендігінің жоғары дәрежелік дәлдікте анықтайды.
- * Сонымен қатар бұл әдістің эффективтілігі болып микроорганизмдердің антибиотиктерге сезімталдығын анықтау.

Негізгі бөлім

Микробиология да 4 негізгі диагностикалық әдіс бар: микроскопиялық, культуралды, биологиялық және иммунологиялық.

а) микроскопиялық диагностика микроорганизмдерді анықтау мақсатында-патологиялық материалдан дайындалған жұғындының микроскопиясына негізделеді.

б) культуралды әдіс материалдан микроорганизмді таза ортада бөліп алу және оны алдағы уақытта идентификациялау .

в) биологиялық немесе тәжірибелік диагностика –патологиялық биоматериалды лабораториялық жануарға енгізуге негізделген. Биоматериалда патологиялық микроорганизм болған жағдайда –жануар ауырады. Қажет болған жағдайда биологиялық диагностиканы басқа әдістермен бірге қолданады.

г) Иммунологиялық әдістің басқа микробиологиялық зерттеу әдістерінен айырмашылығы-серологиялық реакциялардың талдауына негізделеді.

Өкпенің арнайы емес қабыну аурулары кезінде
микробиологиялық зерттеу материялы болып:

- қақырық;
- БАЛ-дың сұйықтығы немесе бронхтар жуындысы;
- кеңірдектен алынған аспирациялық сұйықтық
немесе кеңірдектен алынған пунктат;
- бронхиалды браш-биопсия кезінде алынған
жұғынды;
- өкпе тіні (пункция немесе биопсия)



Антибиотиктерге сезімталдықты анықтау


Антибиотиктер бар тығыз немесе сұйық қоректік ортада микроорганизмдердің өсуін анықтауға негізделген. Ең қарапайым әдісі болып Петри табақшасындағы тығыз қоректік ортаға(агарға) белгілі бір түрінен бөлініп алынған микроағзаны себу.

Табақша бетіне стандартты концентрациядағы антибиотиктері бар дисктерді орналастырады және оны $37,5^{\circ}\text{C}$ –та 18 сағатқа инкубациялайды.

Нәтижелері микробтардың өсуінің тоқтау зонасының диаметрін өлшеу арқылы бағаланады.

Бұл әдістен дәлді мағлұмат антибиотиктердің минимальды басу концентрациясын анықтау кезінде алынады. Осы мақсатта сұйық қоректік ортада антибиотиктерді екі рет бөлу сериясын дайындайды және оған зерттелетін микроорганизмдердің 10^5 — 10^6 м.т./мл концентрацияда 0,2 мл өлшемде қосады. Антибиотик қоспаған барлық үлгілер , бақылаулыны қосқанда , 24 сағаттын ішінде $37,5^{\circ}\text{C}$ - та инкубацияланады.

Культураның өсуінің толық тоқтауы болған , соңғы пробиркадағы антибиотиктің минимальды концентрациясы- препараттың МПК-на және микроорганизмнің антибиотикке сезімталдығына сәйкес келеді.



Микроорганизмдер антибиотиктерге сезімталдық дәрежесіне байланысты:

1. Сезімтал- препаратты әдеттегі терапевттік дозада қолданғандағы қан сарысудағы препараттың концентрациясына сәйкес келетін МПК кезінде өсуі тоқтайтын микроорганизмдер
2. Орташа тұрақты — препаратты максимальды дозада қолданғанда өсуі тоқтайтын микроағзалар.
3. Тұрақты-препаратты максимальды дозасына көнбейтін микроағзалар

Пайдаланылған әдебиеттер:

- * «Руководство по пульмонологии», Н.В.Путов.
- * Интернет желісі